Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Ж. Түймебаев

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы

Астана - 2005

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы

(Әдістемелік нұсқаулар)

Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің студенттеріне арналған

Астана - 2005

ББК 81.2 Қаз я 7
Қ 22

Ғылыми жинақты басуға Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кенесі ұсынған

филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Ж.Қ. Түймебаев

Қ 22 Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы әдістемелік нұсқаулар. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті – Астана, 2005. - 24 бет.

ISBN 9965-662-96-7

Бұл әдістемелік көмекші құралда қазақ тілі лексикологиясының кейбір мәселелері сөз болып, оған студенттердің қандай дәрежеде көңіл аудару қажеттігі нұсқалады.

Жұмыстың екінші бөлігінде қазақ тілі лексикологиясы курсын өту барысында жүргізілетін семинар сабақтарының жоспарлары тақырыптар бойынша беріліп отыр. Әрбір тақырыпқа байланысты негізгі, көмекші және қосымша әдебиеттер көрсетілген.

ББК 81.2 Қаз я 7

Қ 4602020404
05(05)-05

ISBN 9965-662-96-7

© Ж. Түймебаев

Алғы сөз

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі бекіткен қазақ тілі бағдарламасы негізінде оқытылады. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы курсы бойынша министрлік бекіткен негізгі оқулық – І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың **"Қазіргі қазақ тілі"** /Алматы, 1975/ кітабының бірінші бөлігі. Студенттерге сонымен бірге көмекші құрал ретінде шыққан Ә. Болғанбаевтың **"Қазақ тілі лексикологиясы"** /1979/, М. Белбаеваның **"Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы"** /1976/, К. Ахановтың **"Қазіргі қазақ тілі лексикасының мәселелері"** /1955/ атты еңбектерін ұсынуға болады.

Лексикология курсын өту кезінде студенттер тіл білімінің бұл саласы жайлы неғұрлым жан-жақты және толық мәлімет алуы қажет. Лексикологияның теориялық мәселелері жалпы тілдік тұрғыда көптеген тілдерге ортақ болғандықтан, студенттердің орыс және туыс түркі тілдерінде шыққан еңбектермен таныс болуының курсты терең меңгеруге әсері бар. Баяндама немесе семинар сабақтарына даярлану барысында тақырыпқа байланысты осы тілдерде жарық көрген құралдарды пайдаланып отыру - студенттердің дайындық дәрежесінің сапасын арттырары сөзсіз.

Бұл методикалық нұсқауда қазақ тілі лексикологиясының кейбір мәселелері сөз болып, оларды игеруде қандай жайларға назар аудару қажеттігі нұсқалады.

Қазақ тілі лексикологиясының қалыптасуы қазақ тіл білімі дамуының Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуіріне жатады. Осы жылдарда бұл пәннің түрлі салалары бойынша көптеген жұмыс-

тар істелді. Жан-жақты зерттеліп, диссертациялар қорғалды, көптеген сөздіктер жарыққа шықты. Қазақ лексикологтарының үлкен тобы қалыптасты. Олар: І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Ә. Қайдаров, К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Т. Жанұзақов, Р. Барлыбаева, А. Махмұтов, Ә. Ермекова, Ш. Мұхамеджанов, Ә. Ахметов, Ш. Бәйтікова, Ж. Мусин, А. Әбдрахманов, Р. Садықбеков, Б. Хасанов, Л. Рүстемов, А. Айғабылов, Е. Қойшыбаев, Т. Қоңыров, Б. Қалиев, Б. Сағындықұлы т.б.

Лексикология пәні және объектісі

Сөз – тілдің негізгі единицасы. Ол лексикологияда, ең алдымен, атау ретінде зерттеледі. Сөз фонетикада да, грамматикада да басты объект болып саналады. Алайда тіл білімінің бұл салаларында ол тілдің грамматикалық, дыбыстық құрылымын айқындау құралы ретінде қарастырылады. Ал сөз лексикологияда мағынасы, лексиканың жалпы жүйесіндегі орны, шығу тегі, қарым-қатынас жасау процесіндегі қолданылу аясы, экспрессивті-стильдік сипаты жағынан зерттеледі.

Қазақ тілі лексикологиясының семасиология, этимология, ономастика, фразеология, лексикография сияқты салаларында сөз лексикалық единица ретінде түрлі қырынан зерттеу объектісіне айналады.

Студенттер үшін лексикология пәнінің тіл білімінің басқа салаларымен ара қатысын, байланысын, олардан ерекшелігін жете біліп алудың маңызы өте зор.

Тіл – әр тұрғыдан алып қарауға болатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты оның әртүрлі единицалары келіп шығады да, олар өздерінің негізгі функциясымен айқындалады /фонема – мағына ажыратқышты функция, сөз-номинативті функция, сөйлем – коммуникативтік функция/. Тіл білімінің түрлі салаларында зерттелетін бұл единицалар өзара белгілі бір қатынаста болады. Мысалы, лексикологияның фонетикамен байланысын мынадан көреміз: сөз дыбыстар тіркесімен айтылады. Оның құрамындағы дыбыстың не екпіннің өзгеруі мағынаның өзгеріске ұшырауына алып келеді. Яғни, сөздің сыртқы жағы дыбыстық жамылғыш та, ішкі жағы – оның мазмұны, мағынасы. Бірінші жағы болмаса /дыбыстық жамылғыш/, сөз естілмейді, екінші жағы болмаса /мағына/, сөзді түсінбейміз. Сөздің осындай екі жақты табиғаты /мазмұны мен формасы/ бірлікте болу керек.

Лексикологияның грамматикамен байланысына да назар аударған жөн. Бұл мәселеде, ең алдымен, қазақ тіліндегі сөз топтастырудың үш принципінің бірі болып сөздің мағыналық

жағы алынатындығы есте болу керек. Яғни, сөздер мағына білдіре отырып, белгілі бір лексика-грамматикалық топқа енеді. Әрбір грамматикалық категорияның лексикалық және грамматикалық бірліктен тұратынын ескерсек, сөз мағынасын білудің морфология мен синтаксисті игерудегі ролі түсінікті болмақ.

Тілдегі лексикалық единицалар грамматикаланып, ал сөз тіркестерінің лексикалану процесі жүріп жатады. Мұндай құбылыстар да лексика мен грамматика арасындағы байланысты көрсетеді.

Грамматиканың лексикамен байланысы грамматикалық категорияларды тарихи тұрғыда қарастырғанда тереңірек ашыла түседі. Түрлі тілдердегі қазіргі грамматикалық формантгардың өткен тарихи дәуірлерде жеке сөз болғандығын көне жазулар дәлелдейді. Яғни, қазіргі грамматикалық мағына білдіру үшін қолданылатын форма бір кезде жеке лексикалық единица болған. Бұған керісінше, алғаш грамматикалық мағына білдірген форманың кейіннен ол функциясынан ажырап, жаңа лексеманың тууына себепші болған жағдайы тіл тарихында ұшырасып отырған.

Тіл білімі ғылымның лексика мен грамматика салалары арасындағы байланыс грамматикалық форма тудыру мен сөз тудыру тәсілдерін салыстырғанда айқын байқалады. Аффиксация, бірігу, қосарлану тәсілдері екеуінде де қызмет атқара береді /грамматикалық форма тудыру үшін де, сөз тудыру үшін де/.

Көптеген лексикалық единицалардың түрлі стильдерде қолданылуы лексика мен стилистика арасындағы байланысты көрсетеді. Лексиканың стилистикалық ресурстарына сөздердің ауыспалы мағыналары, синонимдер, эмоционалды-экспрессивті сөздер жатады. Кәсіби сөздер, неологизм, архаизмдер, диалектизмдер, варваризмдер, т.б. түрлі стильдік мақсатта қолданылып отырады.

Сонымен, тіл білімінің лексикология, фонетика, грамматика, стилистика салалары бір-бірімен байланыста болады. Бірақ бұдан олардың дербестігі жоққа шығады деген ұғым тумауға

тиіс. Тілдің басты элементі саналатын сөз әр салада әр қырынан қарастырылады. Фонетикада сөздің қанша және қандай буындар мен дыбыстардан тұратындығы, ондағы екпін мен үндестік заңының көріністері басты мәселе болып табылса, морфологияда оның қай сөз табына жататындығы, құрамы, жасалу тәсілі, грамматикалық мағынасы маңызды болып есептеледі.

Қазақ Республикасы Ғылым академиясының Тіл білімі институты жасаған он томды "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" 67 мың атау сөз, 24 жарым мың фразеологиялық тіркес алынып, барлығы 91 жарым мың лексикалық единица қамтылып отыр" /Б. Қалиев.1981 жыл/. Осы мәліметтен-ақ тіл білімінің басқа салаларынан лексиканың өзіндік ерекшелігі байқалады. Лексикада қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер көрініс табады. Бір сөздер еніп жатса, екіншілері ығысып жатады. Мұның өзі лексиканың өзгеріске ұшырап отыруға бейімділігін көрсетеді де, оның фонетика, грамматикадан ерекшелігін тағы да айқындай түседі. Дыбыстардың, не қосымшалардың бұлайша өзгеріп отыруға бейім емес екендігі белгілі.

Лексикадан түрлі халықтар арасындағы байланыстардың ізін көруге болады. Онда сол қатынастар нәтижесі ретіндегі халықтарға ортақ сөздер кездеседі.

Лексиканың тағы бір ерекшелігі – оның түрлі қабаттары арасында аралық аймақтардың болуы. Кейбір сөздердің лексиканың нақты қай қабатына жататындығы айқындалмаған.

Студенттердің сөз және зат, сөз және ұғым сияқты мәселелерді, олардың арасындағы ерекшелікті, байланысты жете меңгеруі қажет.

Сөз және зат. Тілдегі әрбір сөзде белгілі бір мағына болады. Сөз мағынасы оның зат, құбылыспен, ұғыммен және тілдегі өзара қатынасы арқылы айқындала түседі. Сөз бен зат арасында тікелей байланыс жоқ. Ол, біріншіден, белгілі бір заттың түрлі тілдерде түрліше аталуынан көрінеді. Мысалы, қазақ тілінде **"кітап"**, орыс тілінде **"книга"**, неміс тілінде **"бух"**.

Екіншіден, бір тілдің өзінде бір заттың әртүрлі аталуы ұшырасады. Мұндай құбылыс әдеби тілдің өз ішінде де, әдеби тіл мен диалектілер арасындағы да қолданыстарда байқалып отырады.

Үшіншіден, бір тілдің өзінде зат атауларының уақыт жылжуы барысында өзгеріп отырған жағдайлары кездеседі.

Егер сөз затқа тікелей қатысты болса, онда сол заттың атауы түрлі халықтар тілінде бірдей дыбыстылар еді. Бірақ мұндай тәуелділік жоқ. Сөз бен зат құбылыс арасында белгілі бір байланыстың бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Себебі затқа атау берілгенде оның көзге түсіп тұрған ерекше белгісі негізге алынуы мүмкін. Атауға негіз етіп алынған белгінің түрлі ортада әр басқа болуы кездеседі.

Сөз және ұғым. Ұғым логикалық, сөз - тілдік категория. Бұл екеуі өзара тығыз қарым-қатынаста болады. Бірақ екеуінің арасына тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды. Оларды бір-бірінен айырмашылығын көрсететін көптеген ерекшеліктер бар:

1. Ұғым, алдымен, жалпы адамзаттық сипатта. Ол түрлі халықтарға ортақ.

2. Солай бола тұра, ұғымның сөздер арқылы көрінісінде ұлттық сыпат, ерекшеліктің белгісі болады. Ұғым сөз арқылы бейнеленеді. Ұғымды білдіру тілдің негізгі функциялары болып табылады.

3. Қай тілде болмасын сөздердің барлығы ұғымды білдіре бермейді. Ондай сөздерге шылау, одағай жатады. Сөз мағынасы мен ұғымның ара қатысына байланысты мына жайларды да ескеру керек.

1. Сөз мағынасы ұғымнан тарлау болады. Бұл жағдайда арнайы мамандық иелерінің ұғымы мен жай көпшілікке тән ұғым салыстырылады, яғни көпшілік сөзінде ұғым мазмұнының бір бөлігі ғана қамтылуы мүмкін. Мысалы, су деген сөзде көпшілік үшін, химикке қарағанда, сөз мағынасы ұғымнан тар болып келеді.

2. Сөз мағынасы, сонымен бірге, ұғымнан кең де. Себебі сөзде ұғымда болмайтын қосымша реңктер, эмоциялық-экспрессивтік бояу көрініп тұрады. Бұл – тілдің тек ойды ғана емес, сезімді, көңіл-күйді де білдіру құралы екендігін көрсетеді.

3. Сөз бірнеше ұғымды білдіруі мүмкін. Ол көп мағыналы сөздер мен омонимдерден байқалады.

4. Керісінше, бір ұғым бірнеше сөзбен де аталады. Оған мысал ретінде синонимдерді келтіруге болады.

5. Ұғым кейде сөздер тіркесі арқылы беріледі. Ол фразеологизмдерде кездеседі.

Сөздің лексикалық мағыналары. Тіл білімінде сөздің лексикалық мағыналарын айқындап топтауда әзірше ортақ көзқарас жоқ. Лексикалық мағынаны түрлі қырынан қарастырудың нәтижесінде түрліше топтастырулар кездеседі. Оқулықтардың өзіндегі ала-құлалық студенттердің бұл маңызды мәселені игеруіне көп кедергі келтіреді.

Қазіргі отандық тіл білімінде сөздің лексикалық мағыналарын жіктеуде академик В.В. Виноградов классификациясы кең қолданылып жүр. Олар: **тура немесе номинативті мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына.**

Сөз мағыналарын классификациялауда белгілі бір ортақ принцип негіз болып, жүйелік сақталыну керек. Тіл білімінде сөздің лексикалық мағыналарын заттар мен құбылыстардың болмыспен қатысына қарай, шығу тегіне, пайда болу деңгейіне қарай, лексикалық тіркесу мүмкіндігіне қарай топтастырып саралау дағдысы бар:

I. Сөздік мағынасының зат не құбылыспен байланысу сипатына қарай лексикалық мағынаның екі түрі айқындалады: 1) **Тура мағына**. 2) **Ауыспалы мағына**.

II. Сөз лексикалық мағынасы шығу тегі деңгейіне қарай, яғни тарихи тұрғыдан **негізгі**, **туынды** болып бөлінеді.

III. Лексикалық тіркесу қабілетіне, яғни сөздердің бір-бірімен қатысына қарай: 1) **еркін**, 2) **байлаулы мағына болып жіктеледі.** Соңғысының өзі: 1) **фразеологиялық байлаулы,** 2) **синтаксистік шартты мағыналарға** ажырайды.

Сонымен сөздердің лексикалық мағыналарын классификациялау үш түрлі қатынасқа негізделеді. Сөздерді лексикалық мағыналарына қарай осылайша топтау сөздің мағыналық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді.

Моносемия және полисемия. Қазақ тілінде бір мағынаны ғана білдіретін сөздермен қатар, көп мағыналы сөздер де жиі кездеседі. Бір сөздің бірнеше мағынасы ұзақ тарихи процесс нәтижесінде пайда болып отырған. Сөздердің көп мағыналылығы лексиканың ерекшелігін, оның байлығын көрсетеді.

Көп мағыналы сөздердің мағыналарының арасында белгілі бір семантикалық байланыс болады. Сөз мағыналарының дамуына тілдік себептермен бірге экстралингвистикалық /әлеуметтік, қоғамдық-саяси, мәдени-тарихи/ себептер де үлкен әсер етеді.

Ауыспалы қолданыс нәтижесінде тілде сөздердің жаңа мағыналары пайда болып отырады. Ауыспалы қолданысқа негіз болған басты белгілерге байланысты мынадай тәсілдер ажыратылады: **метафора, метонимия, синекдоха.**

1. Метафорада зат не құбылыстың атауы басқа зат не құбылысқа олардың өзара белгілі бір ұқсастығы негізінде ауысады. Ауысу кезінде басты деп саналатын ұқсастық түрліше болуы мүмкін:

а) формаларының, орын тәртібінің ұқсастығы */адамның қолтығы – қолтығы құз Алатау, адамның маңдайы – есіктің маңдайы, адамның тұмсығы – қайықтың тұмсығы т.б./*,

ә) дыбыс ұқсастығы */жел ұлып тұр, станок әні т.б./*, ,

б) күрделі әсер, ассоциацияның негізінде туатын ұқсастық, яғни жансыз нәрсеге тән қимыл, белгілердің жанды нәрселерді атауға негіз болуы және керісінше */жылы бөлме – жылы көзқарас, жылы қабылдау; жіптің түйіні - сөздің түйіні, мәселенің түйіні; долы адам - долы жел т.б./.*

Кейде ауыспалы қолданысқа негіз болған қай ұқсастық екенін анықтау қиынға соғады. Әсіресе, бірнеше ауыспалы мағына пайда болған жағдайда, олар араларындағы ұқсастық негізіне қарай бірнеше топқа жіктеледі. Мысалы, *"қара қазақ, қара шаруа, қара халық"* тіркестеріне ортақ метафораның негізі қарапайым ұғымы болса, *"қара су, қара шай, қара көже"* тіркестерінде ортақ ұқсастық құр, жай ұғымы болып табылады. Ал *"қара жүрек, қара бауыр, қара ниет, қара пиғыл"* тіркестеріндегі метафораның ұқсастық негізіне зұлымдық, арамдық ұғымы жатады.

Метафораны қолдану сипаты, таралу деңгейі жағынан үшке бөлуге болады.

1. Бірінші топқа /жалпы халықтық, тілдік метафора/ ауыспалы мағына ретінде қабылданбайтын, онысы уақыт кезеңінде ұмытылып көмескіленген метафора жатады */орындықтың аяғы, таудың басы, сөздің аяғы, иненің көзі т.б./.* Бұлар түсіндірме сөздіктерде сөздің жеке мағынасы ретінде көрсетіледі.

2. Поэтикалық метафораның ауыспалы, келтірінді мағына беруі тілдік метафораға қарағанда айқын сезіліп тұрады да, ойды көркем жеткізуге әсері болады */өмір асулары, нәзік көңіл қалғыған түн т.б./.* Бұндай метафоралар сөздікте ауыспалы деген белгімен орын алады.

3. Авторлық метафораның /индивидуалды метафора/ жалпы халықтық сипаты болмайды. Ол белгілі бір ақын-жазушының өзіндік қолданысын, тілдік ерекшелігін көрсетеді. Метафораның бұл түрінде автордың жаңа мәнері, тың ойлары байқалады */сезім көлі, тіршілік базары, ой құрығы, өмір арбасы т.б./.*

Бұл тақырыпқа байланысты ескерер мәселе – метафора ұғымы тіл білімінде әдебиеттануға қарағанда кең ұғынылады, кең қарастырылады. Оны әдебиеттануда метафора деп қаралмайтын тілдік метафорадан айқын көруге болады. Метафора әдебиет зерттеушілері үшін көркемдік әдіс болса, лингвистер үшін атаулардың ұқсастық негізінде ауысуының барлық қыры қамтылатын тілдік құбылыс.

Метонимияда бір атаумен аталған заттар не құбылыстар өзара іргелес, шектес, көршілес болады. Метонимия тілде метафораға қарағанда жиі қолданылады.

Метонимиялық ауысуға мынадай жағдайлар негіз болады:

1. Зат пен одан жасалған материал арасындағы байланыс */алтынға ие болды – алтын медальға ие болды, түлкі жаға – түлкінің терісінен жасалған жаға/.*

2. Қимыл мен оның орны не нәтижесі арасындағы байланыс */коллектив өтініші - өтініш жазды/.*

3. Мазмұн мен форма арасындағы байланыс */ауылда тұрады – ауыл әлі ұйықтамапты/.*

4. Автор мен оның шығармасы арасындағы байланыс */Абайды оқу – Абайдың өлеңін оқу, Құрманғазыны тыңдау – Құрманғазының күйін тыңдау/.*

5. Ғылым саласы мен оның предметі арасындағы байланыс */араб грамматикасы қиын - тарихи грамматика/.*

Оқулықтар мен оқу құралдарында жеке қарастырылатын синекдоха құбылысы, негізінде, метонимияның бір түрі болып табылады. Синекдоха атаулардың ауысуы метонимиялық модель бойынша жасалады. Мұнда бір сөз бүтіннің де, оның бөлшегінің де /жалқының және жалпының да, көптің және оның жекесінің де/ атауын беру үшін қолданылады. Мысалы:

Ауыз.

1. Адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі.

2. Адам кісі мағынасында. *Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады /мақал/.*

Қол.

1. Дене мүшесі.

2. Жұмыс күші, адам.

Тілде тұрақты қолданылатын мұндай синекдохалар түсіндірме сөздіктерде сол сөздің жеке мағынасы ретінде көрсетіледі. Сөйлеуде, көркем әдебиетте индивидуалды синекдохалар жиі кездеседі. Олар сөйлеуді жандандырып, деталь арқылы образдылықты аша түседі. Лексикологияда қызмет бірлігі бойынша атаудың ауысуы да қарастырылады. Бұл

құбылысты кейбір зерттеушілер метафораның бір түріне жатқызып жүр. Мұнда зат не құбылыстың атауы басқа зат не құбылысқа олардың қызмет бірлігі негізінде ауысады. Орыс тілінде бөлме пеші *"камин"* деп аталған, ал сол қызметті атқаратын кейін шыққан электр құралына да *"камин"* атауы берілген. Негізгі қызмет бірлігі мен ұқсастығы сақталған жағдайда заттардың түр-тұлғасының өзгеруіне қарамастан атаулар сол күйінде қалып, бірақ жаңа мағыналарға ие болып отырған. Мысалы: ***Полотер.*** 1. *Еден сүртіп тазалаушы қызметші. 2. Еден сүртіп тазартушы машина.* ***Гардероб.*** 1. *Киім ілуге арналған шкаф, үй жиһазы. 2. Мекеме, театр я жұмыс орындарына келушілердің сырт киімдерін ілуге арналған орын, бөлме.*

Сөздердің ауыспалы мағыналарда қолданылуы күрделі және сан қырлы. Сөздердің көп мағыналылығы сөйлеушілердің бірбірін түсінуге кедергі келтірмейді. Көп мағыналы сөздердің мағыналары түрлі контексте қолданылуы арқылы айқындалады. Яғни, контекст сөздің қандай мағынасында қолданылуына жағдай жасайды.

Қазақ тілінің сөздік құрамы. Оның қалыптасуы мен дамуы.

Қай тілдің болмасын сөздік құрамы – ұзақ тарихи дамудың нәтижесі. Онда өзінің шығу тарихы, пайда болу кезеңі жағынан түрлі дәуірлерге қатысты, халық тарихының бір куәсі іспеттес сөздер көптеп кездеседі. Сөздік құрам қоғам өмірімен тығыз байланысты. Жаңа заттар мен ұғымдар жаңа сөздердің немесе жаңа мағыналардың тууына алып келіп отырса, керісінше, кейбір сөздер уақыт барысында ығысып, мағыналарын өзгертіп отырған.

Ал негізгі сөздік қор өзінің тұрақтылығымен ерекшеленеді де, сөздік құрамның ұйытқысы болып табылады.

Қазақ тілі сөздік құрамының қалыптасу, дамуының екі негізгі жолы байқалады:

1. Тума төл сөздер арқылы.

2. Басқа тілдерден енген кірме сөздер арқылы.

Қазақ тілінің тума сөздерін хронологиялық тәртіппен былайша жіктеуге болады:

1) Алтай тілдері семьясына тән сөздер;

2) Жалпы түркілік сөздер;

3) Қыпшақтық сөздер /қыпшақ тілдері, оның қыпшақ-ноғай тобына ортақ сөздер/;

4) Қазақтың тума төл сөздері. Қазақ тілі сөздік құрамының негізгі бөлігін тума сөздер құрайды. Тілімізде сөздік құрамының маңызды әрі ең көне бөлігі болып табылатыны – жалпы түркілік сөздер. Ескі дәуірлердегі тұрмыс-тіршілік өмір сүру салты кезінен келе жатқан бұл сөздер түркі тобындағы тілдерге ортақ болып табылады. Ондай сөздерге туыстық атаулар, жан-жануарлар атаулары, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздер, дене мүшелерінің атаулары, көптеген сын есім, сан есім, есімдік, етістіктер т.б. жатады. Бұлар қазіргі тілдегі ең жиі қолданылатын сөздер тобын құрайды. Жалпы түркілік сөздердің бірқатары алтай семьясындағы тілдерге ортақ болып, өздерінің тұлғасының өте көнелігімен ерекшеленеді.

Тілімізде түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тобына ғана тән сөздер кездеседі. Мұның өзі ішінде қазақ тілі лексикасының ноғай, қарақалпақ тілдері лексикасымен жақындығы көзге түседі.

Ең соңында, жеке халық тілі болып қалыптасу кезеңінен кейін пайда болған сөздер лексиканың өзіндік бір қабаты ретінде топталады. Көріп отырғанымыздай, тума лексикамызды осылайша топтауда генеалогиялық классификация принципі басшылыққа алынып отыр.

Кірме сөздер. Қазақ халқының тарих көшінде басқа халықтармен экономикалық, саяси, мәдени байланысының іздері сөздік құрамда көрініс тауып отырған. Яғни, лексикамыз кірме сөздер арқылы да толығып, даму үстінде болды. Зерттеулердің көрсетуінше, қай бір тілдің болмасын лексикасында кірме

сөздердің үлесі аз емес. Кірме сөздерді игерілуінің дәрежесіне, уақыт көлеміне, қатысына қарай кейде ажырату қиынға соғады.

Осыған байланысты кірме сөздерді екі топқа бөлуге болады. Мысалы, қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің ерте дәуірлерден-ақ сіңіп, жиі қолданылатын, төл тума сөзіміздей қабылданатын бір тобы бар да, тілімізге сіңіп кетпеген, сирек қолданылатын екінші тобы бар.

Кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына бағына отырып, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Семантикалық өзгеріс дегенде, тілімізге енген сөздің өзінің бұрынғы мағынасын сақтай алмау құбылысын, кейде керісінше, кірме сөз мағынасының кеңею жағдайын түсінеміз.

Қазақ тілі лексикасы әрқашан өзгеріс, даму үстінде болып табылады. Сөздік құрамның толығуының негізгі үш тәсілі, жолы бар: **морфологиялық, синтаксистік, семантикалық**. Алғашқы екеуі аффиксация, қосарлану, бірігу тәсілдері арқылы көрінеді. Сөздік құрамды байытудың семантикалық тәсілінің негізіне бұрыннан бар сөздің жаңа мағынаға ие болуы жатады. Сөз мағынасы қолданыста өзгеріске түсіп отырады. Бізге сөздің ауыспалы мағынасын тудыратын метафора, метонимия, синекдоха, қызмет бірлігі тәсілдерінің бар екендігі белгілі.

Сөз тудырудың семантикалық тәсілі бойынша сөздің түрлі мағыналарының негізінде жаңа сөздер пайда болады. Мұнда көп мағыналы сөздердің мағыналарының алшақтап, ыдырауы – соз тудырудағы негізгі себеп болып табылады.

Бұл әдістемелік көмекші құралда қазақ тілі лексикологиясының кейбір мәселелері сөз болып, оған студенттердің қандай дәрежеде көңіл аудару қажеттігі нұсқалады.

Жұмыстың екінші бөлігінде қазақ тілі лексикологиясы курсын өту барысында жүргізілетін семинар сабақтарының жоспарлары тақырыптар бойынша беріліп отыр. Әрбір тақырыпқа байланысты негізгі, көмекші және қосымша әдебиеттер көрсетілген.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

I. Лексикология пәні және тілдің лексикалық единицасы ретінде сөздің қарастырылуы

1. Лексикология пәнінің зерттеу объектісі және оның салалары.
2. Лексикологияның тіл білімінің басқа салаларымен ара қатысы, байланысы.
3. Сөз бен оның мағынасы. Сөз және зат. Сөз және ұғым. Ара қатынастары, ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 6-16 б.
Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 3-17 б.
Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 1997.
Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 5-15 б.
Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. А., 1968.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 76-91 б.
Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. А., 1991.
Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. А., 2002.

II. Сөздердің лексикалық мағыналары, сөз мағыналарының ауыспалы қолданылуы

1. Сөздің лексикалық мағыналары. Түрлері.
2. Сөз мағынасының ауысуы және оның жасалу жолдары. Метафора, оның түрлері.
3. Метонимия және синекдоха. Бұл тәсілдердегі сөз мағыналарының ауысуының негіздері.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 44-51 б., 74-77 б.
Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 17-39 б.

Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1995.

Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. А., 1966.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 10-25 б.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, 94-111 б.

Мұхамеджанов Ш. Қазақ тіліндегі сөз мағыналарының метонимиялық өзгеруі - Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1967, 3, 93-103 б.

Мұхамеджанов Ш. Сөздердің эвфемизмдік қолданысы. "Қазақстан мектебі", 1968, №4, 83-85 б.

Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдердің пайда болуы туралы – Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1973., 56-60 б.

Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. А., 1995.

Садықбеков Р. Сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасы туралы. Қазақ тілі және әдебиет мәселелері. VI шығуы. А., 1969, 38-47 б.

Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. А., 1991.

III. Омонимдер

1. Омонимдер жайлы түсінік. Омонимия және полисемия. Ерекшеліктері.
2. Омонимдердің пайда болу жолдары.
3. Омонимнің лексикалық, лексика-грамматикалық, аралас түрлері.
4. Омофон, омографтар.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 51-62 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 39-48 б.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 25-30 б.

Аханов К. Казак тіліндегі омонимдер. А., 1958.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 76-91 б.

Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 1997.

IV. Синонимдер және антонимдер

1. Синонимдер жайлы түсінік. Синонимия және полисемия. Синонимдік қатар.
2. Қазақ тіліндегі синонимдердің пайда болу жолдары.
3. Синонимдердің қолданысы және оның тіліміздегі ролі.
4. Антонимдер, олардың түрлері. Сөйлемде қолданысы.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 62-74 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 48-69 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. А., 1957.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 30-45 б.

Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антонимдер. АҚД, А., 1970.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 123-133 б.

V. Қазақ тілі лексикасының қалыптасу тарихы және дамуы

1. Сөздік құрам және сөздік қор. Сөздік құрамдағы тума және кірме сөздер. Оларды хронологиялық топтастыру.
2. Сөздік құрамның толығу жолдары. Тума сөздер арқылы морфологиялық, синтаксистік, семантикалық баюы.
3. Кірме сөздер арқылы толығуы. Кірме сөздердің игерілуі.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 84-113 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 73-109 б.

Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 1997.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы А., 1976, 45-62 б.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 146-160 б.

XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Астана. 2000.

Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.

Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. IV. Лексика, М., 1962.

Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. I. М., 1976, II. М., 1978, III. М., 1980.

Древнетюркский словарь, Л., 1969.

Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л., 1961.

Рустемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. А., 1982.

Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., 1994.

VI. Қазақ тілі лексикасының әлеуметтік-диалектілік құрамы

1. Жалпыхалықтық және шектеулі лексика. Диалектілік лексика. Ерекшеліктері.
2. Профессионалдық лексика. Өзіндік ерекшеліктері.
3. Жаргондық лексика. Диалектілік лексикамен ара қатысы.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі.

Лексика, фонетика. А., 1975, 117-137 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 117-120 б.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 62-82 б.

Қалиев Ғ. Қазақтың ұлттық тілі мен кәсіби, жаргон сөздер.

Труды научной конференции, посвященной 40-летию Каз.гос.пед. института им. Абая. А.,1968, стр. 181-189.

Тұңғышбаев Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі өндірістік-профессионал- дық лексика. А., 1956.

Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. А., 1979.

VII. Қазақ тілі лексикасының стильдік қабаттары

1. Бейтарап /стильаралық/ лексика. Сөйлеу тілінің лексикасы. Ерекшеліктері.
2. Жазба тіл лексикасы. Іштей жіктелуі. Қолданыс ерекшеліктері.
3. Эмоционалды-экспрессивті лексика.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 113-117, 178-185 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 114-115, 120-135, 140-142 б.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 62-82 б.

Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. А., 1955.

Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 1974.

VIII. Қазақ тілі лексикасының актив және пассив қоры

1. Лексиканың актив және пассив қоры. Көнерген сөздер. Жіктелуі және ерекшеліктері.
2. Неологизмдер. Түрлері. Сөздің актив және пассив қабаттарына қатысы.
3. Неологизмдердің жасалу жолдары.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 137-153 б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 122-128 б.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 82-87 б.

Махмұтов А. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен ара қатысы. – "Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері". 5-шығуы, А., 1963.

Бәйтікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер /1920-30 жылдар материалдары/. А., 1971.

IX. Этимология

1. Этимология, міндеті және мақсаты. Тіл білімі салаларымен қатысы.

2. Тіл тарихы және сөздің этимологиясы. Этимологиялық анализ.

3. Халықтық этимология. Этимологиялық зерттеулердің ролі.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 17-28 б.
Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А., 1966.
Пизани. Этимология. М., 1956.
Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. I. М., 1974.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 136-146 б.
Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. А., 1994.
Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. А., 1994.

X. Ономастика

1.Ономастика және оның салалары. Топонимика, антропонимика, этноним, космоним.

2. Жалқы есімдердің құрылымы және жасалу жолдары.

3.Ономастиканың лексикалық қабаттары.

Әдебиеттер:

Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. А. 1959.
Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. А. 1979.
Топонимика и этимология. А. 1975.

Мурзаев З. Очерки топонимики. М., 1974.
Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. А., 1965.
Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. А-А., 1982.
Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. А-Ата. 1974.

XI. Қазақ тілінің фразеологиясы /I/

1. Фразеологизмдер жайлы түсінік. Сөз, еркін сөз тіркесі және фразеологизм.
2. Фразеологизмдердің семантикалық жіктелуі.
3. Фразеологизмдердің көп мағыналылығы. Фразеологиялық варианттар және фразеологизмдердің синонимдігі.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 198-218 б.
Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1987.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 164-185 б.
Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 87-101 б.
Ұйықбаев И. Фразеологизмдердің варианттылығы. "Қазақстан мектебі", 1977, № 10, 79-81 б.
Қайдаров А.Т., Жайсақова Р.Е. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке. – Известия АН КазССР, Серия филологическая, 1979, № 36 I-III.
Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. А., 1996.

XII. Қазақ тілінің фразеологиясы /II/

1. Фразеологизмдердің құрылымдық түрлері, грамматикамен байланысы.
2. Фразеологизмдер және олардың аудармасы.
3. Фразеологизмдердің стильдік қолданысы.
4. Фразеологизмдердің пайда болу, шығу негіздері.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 198-218 б.
Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1987.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 164-185 б.
Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 78-101 б.
Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. А., 1975.
Бәйтелиев А. Фразеологиялық сөз тіркестері. -- Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. IX шығуы. А., 1972, 32-36 б.
Русско-казахский фразеологический словарь А., 1985.
Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. А., 1996.

XIII. Лексикография

1. Лексикография жайлы түсінік. Сөздіктердің түрлері.
2. Түсіндірме сөздік. Ондағы сөздік мақаланың құрылымы.
3. Синонимдік, фразеологиялық, орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер.
4. Лингвистикалық сөздіктер. Терминологиялық, диалектологиялық, этимологиялық сөздіктер түрлері.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.
Лексика, фонетика. А., 1975, 185-198 б.
Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 143-175 б.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978. 186-211 б.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 томдар. 1979-1985.
Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А., 1966.
Кеңесбаев І. Лингвистикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. А., 1963.
Малбақов М. Қазақ сөздіктері. А., 1995.
Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. А. 1984.

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы
(Әдістемелік нұсқаулар)

Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің студенттеріне арналған

Ж.Қ. Түймебаев
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Басуға 1.03.2005.
Пішімі 60x84/16
Офсеттік басылым. Қағаз офсеттік.
Шартты баспа табағы 1,5
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 94

ЕҰУ баспаханасында басылған